"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАНОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТАПО ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИКОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09.06.2021-ғы № 03-18/2760 шығыс хаты

«TURAN Media(Туран Медиа)» ЖК

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент),* Сіздің 06.05.2021 жылғы №105050 хатыңызға төмендегіні хабарлайды:

Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі – Ұйымдастырушы)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен жарияланған №5743142-1 *Мемлекеттік ақпараттық саясатты жергілікті телеарна арқылы жүргізу қызметі үшін»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(әрі қарай – Заң)* 9 быбының 1 тармағының 4 тармақшасында, *әлеуетті өнім берушілерге біліктілік талаптары қойылады, оның ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы қажет* делінген.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағида)* Қағиданың 150 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер:

– конкурстық құжаттаманың 5, 5-1, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы

–конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы делінген.

Конкурстық құжаттаманы камералдық бақылау барысында, Ұйымдастырушымен конкурстық құжаттамаға 1-4 қосымшасында сайт құжаттары және оңтүстік телеарнасы Отырар ауданы аумағын сандық хабар тарату бойынша Казтелерадио анықтамаларын мәлімдеу туралы талаптар белгіленбегендігі анықталды.

Осыған орай, әлеуетті өнім берушілер «ИП-АР-ДИ-ША» ЖК мен «МАМЫРБЕКОВА Ш.С.» ЖК-ін конкурстық комиссия тарапынан, конкурсқа қатысуға жіберілгендігі заң мен қағидаға қайшы келмейді.

09.06.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Камералдық бақылау – ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабының 5-тармағына сәйкес мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралғандығын мәлімдейміз.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Сонымен қатар, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабының 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшының орынбасары **Т.Тултебаев**

А.Адилханов
☎: 8-7252-35-00-35

О.Ажибеков